

**"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 50 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 26 шілдедегі № 306-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28922 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 50 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10381 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесінде:

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

6	"Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция	Сертификатты берген ұйымның атауын, нөмірін және күнін көрсете отырып, СТ-KZ нысанының сертификаты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер	
---	---	---	--

	министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ б ұйрығымен бекітілген ( ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) нысан бойынша шығарылатын өнімге СТ-KZ нысанындағы сертификаттың болуы	нысаны (қосымшаға сәйкес)	
--	---	------------------------------	--

"

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
 Премьер-Министрінің орынбасары -  
 Сауда және интеграция министрі*

*Б. Сұлтанов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**Қазақстан Республикасы  
 Мәдениет және спорт  
 министрлігі**

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық экономика министрлігі**

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**Қазақстан Республикасының  
 Цифрлық даму, инновациялар  
 және аэроғарыш өнеркәсібі  
 министрлігі**